

№268 мектеп-лицей директоры:

№268 мекте

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Қызылорда қаласы, 2022 ж

Кітапхана жұмысының мақсаты:

Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Ұстаздар мен оқушыларды оқуға тартуда тиімді жұмыс формаларын анықтау.
- Оқушылардың оқу-ақпараттық біліктері мен дағдыларын дамыту.
- Кітаптарды насихаттау жұмысын ұйымдастыру.
- Білім беру үрдісінде оқырмандардың танымдық әрекетін белсендіруде ақпараттық көмек көрсету.
- Ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруды, диагностикалық жұмыстарды жүзеге асыру.

Жобалау

- Мектеп кітапханасының жоспары.
- Кітапханалық сабақтар, мерекелердің бағдарламалары.
- Кітапханалық күнтізбенің мазмұны.
- Мерзімдік басылымдарға, оқулықтарға тапсырыстарды дайындау.

Диагностика

- Оқырмандардың қызығушылығы мен қажеттілігі
- Білімділік үрдіске қатысушыларды кітапхана қорының қанағаттандыру дәрежесі.
- Кітапханалық шаралардың өткізу сапасы.
- Кітап қорын жанарту дәрежесі.
- Кітапхана жұмысының нәтижелері.
- Кітап беру, оқу деңгейлері.

Кітапхана ұстанымдары

- Жаңа кітаптармен, мерзімдік басылымдармен таныстырушы.
- Оқушыға әдебиет таңдауға, оқырмандық қызығушылығын кеңейтуге, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші.
- Реферат, зерттеу жұмыстарын, оқу-әдістемелік материалды дайындауға мүмкіндік беруші.

Кітапхана және библиографиялық жұмыстар

- Мектеп оқушыларын 1-2 қыркүйек аралығында оқулықтармен қамтамасыз ету.
- Қазан айында 1-4 сынып оқушыларын кітапханаға тарту мақсатында «Кітап- рухани сарқылмас әлем» тақырыбында кітапханаға саяхат жасау.
- «Жаңа кітаптар» кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптарға көрме ұйымдастыру.
- Қараша айында 2023 жылдың I жарты жылдығына мерзімді басылымдарға яғни газет - журналдарға тапсырыс дайындау.
- «Білім көзі кітап» әр тоқсан сайын рейд өткізу. Рейд барысында оқулықтардың сақталу барысын тексеру.
- Мектепшілік іс-шаралардың барлығына қатысу.
- 2022--2023 оқу жылы аяғында оқулықтарды жинау. 20-25 мамыр аралығында

Оқырмандармен жұмыс жасау

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі
1.	Абонементте оқырмандарға; оқушылар, педагогтар, техникалық қызметкерлер мен ата-аналарға қызмет көрсету	үнемі
2.	Кітаптарды беру кезінде ұсыныс әңгімесін жүргізу	үнемі
3.	Оқыған кітабы туралы әңгімелесу	үнемі
4.	Кітапхана қорына жаңадан келіп түскен кітаптар, энциклопедиялар, журналдар туралы ұсыным және жарнамалау әңгімелерін жүргізу	келіп түсу шамасына қарай

Педагогикалық ұжыммен жұмыс.

1.	Мұғалімдерге жаңа оқу әдістемелік, әдістемелік әдебиеттер, педагогикалық журналдар мен газеттер туралы хабардар ету.	келіп түсу шамасына қарай
2.	Пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік-терімен жаңа оқу жылында оқулықтар мен оқу құралдарын ұтымды таңдауға бағытталған кеңес беру – ақпараттық жұмысы.	қараша
3.	Берілген тақырып бойынша әдебиеттер мен мерзімді басылымдарды іздеу.	үнемі

**Кітапхана - библиографиялық ақпараттық білімі - мектеп
оқушыларына**

1	«Кітап – сарқылмас рухани әлем» кітап әлеміне саяхат (1 сыныптар)	қазан
2	Кітапты пайдалана білу ережелерімен таныстыру.	қазан
3.	Балаларға арналған баспасөз басылымдарын насихаттау	қазан, сәуір
4	Энциклопедиялар, анықтамалардан өздігінше материалдарды іздеуде дұрыс бағыт -бағдар беру	үнемі

Патриоттық тәрбие

<u>№</u>	<u>Тақырыбы</u>	<u>Көпшілік жұмыс формасы</u>	<u>Уақыты</u>	<u>Оқырман құрамы</u>
1	«Айбыны асқақ – Қазақстан!»	кітап көрмесі	жыл бойы	1-11 сынып
2	«Елбасының жолдауы – жарқын істердің бастауы»	кітап көрмесі	жыл бойы	1-11 сынып
3	«Ана тілі – жүрек үні»	кітап көрмесі	қыркүйек	1-11 сынып
4	«Оқуға міндетті – 100 кітап»	кітап көрмесі	жыл бойы	1-11 сынып
5	2022 жылдың мерейтой нелеріне	кітап көрмесі	қаңтар	1-11 сынып
6	«Желбіре Жеңіс жалауы»	кітап көрмесі	мамыр	1-11 сынып
7	Мектеп ішілік іс- шаралардың барлығына қатысу	сынып сағаттар, кештер	жыл бойы	1-11 сынып

Көпшілік іс – шаралар

№	Тақырыбы	Көпшілік жұмыс формасы	Уақыты	Жауапты
1	«Кітапхана – даналық дәнекері»	кітапханаға саяхат	қазан	кітапхана
2	«Кітап оқитын отбасы» /1-4 сыныптар/	Отбасылық сайыс	қараша	кітапхана
3	«Кітап оқы, рухани бай бол»	Танымдық сағат	желтоқсан	кітапхана
4	Ғабиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл	TEDx форматындағы әдеби кеш	қаңтар	кітапхана
5	Дулат Исабековтің туғанына – 80 жыл	REDx форматында кеш	ақпан	кітапхана
6	«Кітап – рухани байлық көзі» /23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күні/	Тақырыптық кеш	сәуір	кітапхана
7	«Бәрі әлдіден басталсын» /Балалар ақыны Н.Жанаевтың туғанына 90 жыл/	Әдеби жыр кеші	наурыз	кітапхана
8	20 минуттық кітап оқу жобасы	Дауыстап оқу	Үзіліс уақытында	кітапхана

Кітапхана меңгерушісі
Кітапханашы

 Г. Амирова
 Ж.Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Кітапхана – даналық дәнекері »
/кітапханаға саяхат/

2022-2023о.ж

«Кітапхана – даналық дәнекері»

кітапханаға саяхат

1-сыныптар

Білім кілті - кітапхана. Кітапханаға саяхат жасау

Мақсаты:

. Кітапхана өмірімен таныстыру.

Кітапқа деген қызығушылықта арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.

«Кітапты сүйіндер, ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді, ол өзінді өзгені де сыйлауға үйретеді, ол ақыл – ойыңмен жүргізеді, бүкіл әлемге адамға сүйіспеншілік сезімімен қанағаттандырады» (Максим Горький, ұлы орыс жазушысы)

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсаң ой ойлаудан да тиылар едік» (Ғабит Мүсірепов, жазушы, көсемсөзші, драматург)

«Білімнің бас құралы - кітап» (Ахмет Байтұрсынов, ақын, ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері)

Кітапханашы: Қайрлы күн, құрметті оқушылар, мектеп кітапханасына саяхат жасауға қош келдіңіздер! Мектеп кітапханасында «Бақытты балалық шақ», «Айбыны асқақ - Қазақстан», «Елбасының жолдауы – жарқын істердің бастауы», «Тамыры терең, тарихы кенен Қызылорда!», «Салауатты өмір – денсаулық кепілі», «Ана тілі – жүрек үні», «Оқуға міндетті 100 кітап» атты тұрақты кітап көрмелерімен таныс болыңыздар.

«Оқуды қойған адам – ойлауды да қояды» (Дени Дидро, француз ойшысы, жазушысы)
Кітап - ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап - ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап - ақылдың кені. Кітап - бар білімнің бастауы. Кітап - барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы. Өз бетімен кітап оқып, оның көмегімен үздік білім алған, сөйтіп атақты ғалым болған адамдарда дүние жүзінде аз емес.

Кітап: Мен адамның досымын. Менің атым - кітап. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңірді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Содан соң оған авторлар жазады, суреттер салады. Баспаханаға жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар машина мен поездарға тиіп ауыл - ауылға, қала - қалаға таратады. Міне, мен енді сенің қасында тұрмын. Мені күтіп, жыртпай ұста. Мен сенің сенімді досыңмын!

1 оқушы:

Айдын шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дерсің
Ауадай қажет бейне бір
Таппасаң нәрін шөлдерсің.

2 оқушы:

Адамның досы кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған дүние - мүлкі
Ақылшы, жанға серік, жол бастаушы,
Асыл ой, қазынасы, өмір
көркі.

3 оқушы:

үшш Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

.Заманауи кітаптармен танысу.

Кітапханашы:

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Сондықтан, балалар сендер кітаптарды оқып кітаптармен дос боласыңдар деп ойлаймын.

Кітапханашылар  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева



Кітапхана меңгерушісі *Г.Амирова* Г.Амирова
 Кітапханашы *Ж.Баймолдаева* Ж.Баймолдаева

**№268 мектеп – лицей кітапханасының «Оқуға құштар мектеп»
жобасы аясында өткізілген «Кітапхана – даналық дәнекері»
атты іс – шараның
анықтамасы**

Қатысқан сынып: 1 сынып
Қатысқандар саны: 24
Өткізілген күні: 10 қазан
Өткізілген орын: кітапхана

10 қазан 2022ж


2022 жылдың қазан айының 10 күні сағат 12.00 –де «**Кітапхана - даналық дәнекері**» атты **1 сынып** оқушылары арасында, мектеп кітапханасына саяхат жасалды.

Мақсаты: Кітапхана өмірімен таныстыру, білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.

Саяхат барысында оқушылар кітапханамен, оның кітап қорымен, орналасу тәртібімен, кітап көрмелерімен, ережелерімен танысты.

Дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы, биік парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы – кітапхана екендігі оқушыларға түсіндірілді.

Оқушылар кітапханада орналасқан «**Бақытты балалық шақ**», «**Айбыны асқақ – Қазақстан!**», «**Елбасының Жолдауы – жарқын істердің бастауы**», «**Тамыры терең, тарихы кенен Қызылорда!**», «**Салауатты өмір – денсаулық кепілі**», «**Ана тілі – жүрек үні**», «**Оқуға міндетті 100 кітап**» атты кітап көрмелерімен танысып, кітап көрмесіндегі кітаптарды қызыға оқып, кітапханаға оқырман болып тіркелді.



№268 мектеп-лицей

«Кітап оқитын отбасы»
/Отбасылық сайыс/

2022-2023о.ж

«Кітап оқитын отбасы»

/Сайыс/

Сайыстың мақсаты: Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасының қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.

Кітапханашы: - Құрметті кітапсүйер қауым және бүгінгі сайысымызға қатысушы балалар мен олардың ата –аналары. Бүгінгі мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен өткелі отырған «Кітап оқитын отбасы» тақырыбында оқырмандар сайысын ашық деп жариялаймыз. Әрине, бұл оқырмандарымызбен қатар олардың ата-аналарына да сынақ болмақ. Өйткені оқушылар сайыс барысында өздерінің білімдерін, тапқырлықтарын, жылдамдықтарын, өнерлерін толығымен ашып көрсете алады. Біздің дәуірімізге дейінгі 20-шы ғасырда бір отбасында бірнеше ұрпақ өмір сүрген. Оларды атап айтар болсақ, ата-әжесінен бастау алып немере мен шөбереге дейінгі ұрпақтар өмір сүрген. Олар тату-тәтті бір-бірімен достық қарым-қатынаста өмір кешкен. Үлкендері кішіге ізет, кішілері үлкенге құрмет көрсетіп, бір-бірлерін сыйлай білген. Олардың отбасы берік болған. Сайыскелер дайын болғанша біз сіздермен бірге «Жақсы кітап-жан азығы» атты кітап көрмесімен таныс болайық.

1-жүргізуші:

Тәуелсіз елдің болашағы – білімді ұрпақ. Олай болса, бүгінгі шарамыз сайыс түрінде өтеді. Сайысқа 4 отбасы қатысады. Ендеше сайысқа түскелі отырған оқырман отбасыларды ортаға шақырайық.

1-айналым. «Сұрасаң менің тегім». (Бұл айналымда отбасы мүшелері өздерін таныстырып, сүйікті кітаптары жайында айту)

2-жүргізуші:

2-айналым. Ұшқыр ой. Сұрақ- жауап (оқушылармен жұмыс)

Бұл айналымда әр топ 10 сұраққа жауап берулері керек. Мұнда сіздердің ұшқырлықтарыңыз бен сұраққа тез және дәл жауап бергендеріңіз есептеледі. Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі, яғни неше дұрыс жауап болса, сонша ұпай, жиналады. Сұрақтар қазақ тілі, математика, дүниетанудан қойылады.

1-топ сұрақтары:

1. Қойдың иесін ата ? (Шопан ата)
2. Адамның ішкі мүшелерін ата ? (Ми, өкпе, жүрек, бауыр, бүйрек, қарын, ішек, қуық)
3. Қараша жылдың қай мезгіліне жатады ? (Күз)
4. Жыл басы не ? (Тышқан)
5. Есту мүшесі (Құлақ)
6. Орман дәрігері (Тоқылдақ)
7. Спорттық ойын түрлерін атаңдар, (Футбол, баскетбол, волейбол, хоккей, шаңғы тебу)
8. Күн мен түн қандай әріптен аяқталады? (Н)
9. Үш биді ата? (Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би)

2-топ сұрақтары

1. ҚР астанасы? (Астана)
2. Жылқының иесі (Қамбар ата)
3. ҚР Тәуелсіздік алған күні (16-желтоқсан)
4. Желтоқсан жылдың қай мезгіліне жатады? (Қыс)

- 5.ҚР Мемлекеттік тілі қандай тіл? (Қазақ тілі)
- 6.Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды? (1986 жылы)
- 7.Ел басқару саласындағы басты тұлға кім? (Президент)
- 8.Абылайхан тұсындағы жырау (Бұқар жырау)
- 9.Жылдан құр қалған жануар(түйе)
- 10.Адамға қажетті бес қажеттілікті ата(Ауа, су, жылу, жарық, тағам)

3-топ сұрақтары

- 1.ҚР оңтүстік астанасы.(Алматы)
- 2.Қазақстан жер көлемі бойынша нешінші орында?(9-орында)
- 3.Ешкінің иесі(Сексеката)
- 4.ҚР Елтаңбасының авторлары кімдер(ЖандарбекМәлібеков ШотаманУәлиханов)
- 5.Ақпан жылдың қай мезгіліне жатады (Қыс)
- 6.16-шы қандай мереке?(ҚР Тәуелсіздіккүні)
- 7.Тыныс алу мүшелерін ата (Мұрын қуысы,кеңірдек,өкпе)
- 8.Етістіктің сұрақтарыната? (Не істеді?Неқылды?Қайтті?)
9. «Л»дыбысы қандай дыбыс?(Дауыссыз,үндідыбыс)
- 10.Сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер (Сенің атаң кім?)

4-топ сұрақтары

- 1.Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)
- 2.Сиыр иесі кім? (Зеңгі баба)
- 3.Мамыр айы жылдың қай мезгіліне жатады? (Көктем)
- 4.ҚР Туының авторы кім ? (Шәкен Ниязбеков)
- 5.ҚР тұңғыш Президенті қашан сайланды? (1-ші желтоқсан 1991 жылы)
- 6.Жер шарында неше мұхит бар? (4)
- 7.Ас қорыту мүшелерін ата (ауыз қуысы,жұтқыншақ,өнеш,қарын, ішек)
- 8.Сезім мүшелерін ата (Көз,құлақ,мұрын,тіл, тері)
- 9.Сан есімнің сұрақтарын ата (Қанаш? неше? нешінші?)
- 10.«Қ»қандай дыбыс? (Дауыссыз,қатаң дыбыс)

1-жүргізуші:

3-айналым. «Менің оқырман отбасым» (кітапша жасап әкеліп,презентация жасайды)

2-жүргізуші:

4-айналым. «Ерте, ерте, ертеде» (отбасылық топ үйден дайындап келген ертегіден көрініс көрсету)

1-жүргізуші:

5-айналым. «Кім тапқыр»(Екі қатар танымал ақын-жазушылардың , батырлардың портреттері ілініп тұрады.Олардың әр қайсысының беті жабық болады.Жабық қағаздарға балл жазылған .Оқушы таңдаған ұяшықты ашып ,кім екенін табу керек.Егер батыр болса оның ерлігі туралы айтуға тиіс. Әділқазылар алқасы тиісті баллдарын береді.)

2-жүргізуші:

6-айналым.Ата –аналармен жұмыс. (сұрақ-жауап)

-Балаңыздың өнері , қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса не істер едіңіз?

- Үйде баланың сабақ дайындалуына өз бөлмесін ұйымдастыра аласыздар ма?

-Үйде кітап сөресі болса, онда баланың танымдық қабілеттерін арттыратын қандай әдеби кітаптар , ертегілер , журналдар түрлерін атай аласыз ?

-Балаңызға оқуға қандай кітапты ұсынар едіңіз?

-Балаңыздың әдеби кітап оқуына мүмкіндік бересіз ба?

-Балаңыз қандай баспадан журналға жазылады?Жазылған жағдайда оларды жинақтап қоясыз ба?

2-жүргізуші:

6-айналым. Ата –аналармен жұмыс. (сұрақ-жауап)

-Балаңыздың өнері , қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса не істер едіңіз?

- Үйде баланың сабақ дайындалуына өз бөлмесін ұйымдастыра аласыздар ма?

-Үйде кітап сөресі болса, онда баланың танымдық қабілеттерін арттыратын қандай әдеби кітаптар , ертегілер , журналдар түрлерін атай аласыз ?

-Балаңызға оқуға қандай кітапты ұсынар едіңіз?

-Балаңыздың әдеби кітап оқуына мүмкіндік бересіз ба?

-Балаңыз қандай баспадан журналға жазылады?Жазылған жағдайда оларды жинақтап қоясыз ба?

-Балаңыздың кітап оқуға деген қызығушылығы байқалса не істер едіңіз ?

-Балаңызға өзіңіз оқыған әңгімені дауыстап оқып бересіз бе немесе сұраған жағдайда оған кітаптың мазмұнын айтып бересіз ба?

Осы сайыстан кейін сізде қандай ой туындады?

Әділқазылар алқаларына сөз кезегін береміз!

1. жүргізуші: Адамның досы – кітап , өмір кілті

Тең келмес оған барлық жиған мүлкі

Ақылшы , жанға серік , жол бастаушы

Асыл қазынасы, өмір көркі!

Қазақстан азаматтары білімді, мәдениетті , өнерлі болуы керек. Ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды , өнерімізді кітап арқылы танимыз. Ол үшін кітапты көп оқуымыз керек.

2 жүргізуші: Кітап – жан айнасы. Оған қарап бойынды да, ойынды да түзеуге болады. Айналадағы адамға мейіріммен қарауға үйренесің. Кітап – сенің ақылгөй, адал досың, өмірлік есті жолдасың. Өмірде бар нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін. Келесі кездескенше аман сау болыңыздар!

Кітапханашылар  Г. Амирова

 Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Кітап оқитын отбасы» атты тақырыпта

іс шараның анықтамасы

Қатысқан сынып: 2- 4 сынып

қараша 2022ж

Қатысқандар саны: 28

Өткізілген уақыты: қараша

2022 жылдың 30-ы қараша күні №268 мектеп –лицейінің кітапханашылары мен бастауыш сынып мұғалімдерінің бірігіп ұйымдастыруымен **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Кітап оқитын отбасы»** атты тақырыпта іс шара өткізілді.


Іс шараның мақсаты: балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, өзі оқыған көркем әдебиет шығармамен бөлісіп насихаттау, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқуды отбасылық дәстүрге айналдыру.

Шара барысында мектеп кітапханашылары **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы жайлы мағлұмат беріп өтті. Шараға әр 4 – сыныптардан бір-бір отбасы қатысып, өздерінің оқып жүрген кітаптарымен таныстырып, қатысушыларды кітап оқуға шақырды.

2-сынып оқушылары **«Шегіртке мен құмырсқа»** атты қойылымын жоғары деңгейде орындап шықты.

Шара соңында ата – аналар алғыс хаттармен марапатталды.







Кітапханашылар:

Handwritten signature

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Кітап оқы, рухани бай бол»
/Танымдық сағат/

2022-2023 о.ж

«Кітап оқы, рухани бай бол»

/Танымдық сағат/

Мақсаты: Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Кітапханашы: Құрметті ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Кітап оқы, рухани бай бол» атты іс-шараны А.Байтұрсынұлының мына өлеңімен бастағалы тұрмын.

Балалар, бұл жол басы даналыққа

Келіндер, оқып байқап қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық

Жүріңдер іздеп, тауып алалық та!

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. Бүгінгі кешіміз бәрімізді білімді, өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені – кітапқа арналады.

Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені. Кітап – бар білімнің бастауы, бар ғылымның бастауы. Кітап – барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы. Өз бетімен кітап оқып, оның көмегімен үздік білім алған, сөйтіп атақты ғалым болған адамдарда дүние жүзінде аз емес.

Мысалы, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы өз білімін өз бетімен ізденуінің, кітапты көп оқуының арқасында жетілдіреді әрі бірнеше тілді меңгереді, алдыңғы қатарлы ойшылдардың еңбектерімен танысады. Ал М.Горький болса «Мен өз бойымдағы барлық жақсылығым үшін алдымен кітапқа борыштымын» деген. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

- Балалар, кітап қалай жасалады?

- Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалады.

- Тұңғыш қазақ кітабы қай жылы шықты?

- Тұңғыш қазақ кітаптар 1800 жылы шығарыла бастады.

Кітап: - Ой, бәрекеді! Өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Мен адамның досымын. Менің атым – кітап. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңірді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Содан соң оған авторлар жазады, суреттер салады. Баспахана жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар машина мен поездарға тиіп ауыл-ауылға, қала-қалаға таратады. Міне, мен енді сенің қасыңда тұрмын. Мені күтіп, жыртпай ұста. Мен сенің сенімді досыңмын!

Тұрады басын құрап әріп неден,

Басталған білім басы Әліппеден

Қарасақ шалқар теңіз, түпсіз мұхит

Оқысақ кітап сырын ашып терең

Кітапты оқымайды, сыйламаған,

Білімге жанын жанып қинамаған.

Өсірген кімнің болсын ой-өрісін,

Сол кітап бек ақылшы күнде маған.

Түлекті тәрбиелер кітап – мектеп,

Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.

Молайтып ақылыңды сан еселеп,
Береді білім нәрін кітап көктеп.
Кітаптар бейне жапырақ,
Жырлайтын сырын өмірдің
Оқисың кейде жаттап,
Көтеріп күйін көңілдің.
Айдын шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дерсің,
Ауадай қажет бейне бір,
Таппасаң нәрін шөлдерсің.

Кітапханашы: - Қазақ даласында мектеп салған, қазақ балаларына арнап «Өліппе» жазған кім?

Бәрі: - Ыбырай Алтынсарин.

- Оның балаларға арнап жазған өлеңі қалай аталады?

- «Кел, балалар, оқылық!»

Ән: «Аналарға» орындайтын - -----

Би: «Өзбек биі» билейтін - -----

: Кітап!

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

Кітап!

Ақылдың сөнбейтұғын шамшырағы,
Білімнің сарқылмайтын бал бұлағы.
Ашқанда-ақ өткен күнмен беттеріңді,
Келер күн көз алдыма кеп тұрады.

Көрініс: «Кітаптар мұңы»

Адамның досы кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған дүние-мүлкі.
Ақылшы, жанға серік, жол бастаушы,
Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.
Кітабың – сенің құралың
Жағар білім шырағың
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адым.
Елімізде атақты
Ғалым ата не тапты
Бәрін - бәрін көріпті
Оқи берген кітапты.
Білім алар көп адам,
Жақсы нәрсе жоқ одан,
Қызыға кеп оқимын
Кітап көрсем жаңадан
Көрініс:
«Науқас кітап»

Кітапханашы:

Кітаптар да адам сияқты, ауырып қалуы мүмкін. Ауырған жағдайда оларды емдеу қажет. Сол үшін де кітаптарда аялап ұстауымыз қажет.

Енді ортаға кітапханашы апайды шақырайық.
(Ол оқушыларға кітапхана ережесін таныстырады).

Қорытынды: Балалар, біздің ата-бабаларымыз «Кітап – көп ақылдың құйылған көлі», «Кітап – ғажап дос» деп бекер айтпаған. Барлық білімді кітаптан аламыз. Кітап бізді қайырымдылыққа, адалдыққа, әділдікке үйретеді. Осымен «Кітап оқы, рухани бай бол» атты танымдық сағатымыз аяқталды.

Кітапханашылар:  Г. Амирова
 Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Кітап оқы, рухани бай бол» атты

танымдық сағатының анықтамасы

Қатысқан сынып: 5 сынып

қазан 2022ж

Қатысқандар саны: 25

Өткізілген уақыты: қазан

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың кітап оқуға құмарлығын арттыруға бағытталған. Осы жоба аясында № 268 мектеп-лицей кітапханасында 5 «Ә» сынып оқушыларымен «Кітап оқы, рухани бай бол» атты танымдық сағаты өткізілді. Шара барысында оқушылардың кітап оқу деңгейін анықтау мақсатында:

1. Кітап оқу туралы біз нені білеміз?
2. Соңғы рет қандай кітап оқыдың?
3. Кітапханаға жие барасыңба? сұрақтары ұйымдастырылып, әр оқушы өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың басым көпшілігі Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасына деген қызығушылықтарын айтып, сол шығармаға талдау жасады. Оқушылар үш топқа бөлінді. 1-ші топ автор туралы мәлімет берді 2-ші топ «Менің атым Қожа» шығармасы жайлы постер қорғаса, 3-ші топ шығармадан үзінді қойылым көрсетті.





Кітапханашылар

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

**Ғабиден Мұстафиннің туғанына - 120 жыл толуына орай
әдеби кештің сценарийі**

2022-2023 о.ж.

Ғабиден Мұстафиннің туғанына - 120 жыл толуына орай

TEDx форматындағы әдеби кеш

Кітапханашы: Қайырлы күн, құрметті қонақтар мен оқушылар! Көркем сөздің хас шебері атанған Ғабиден Мұстафин атамыздың туғанына 120 жыл толып отыр. Жазушының шығармашылығына арналған кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

- Иә, Қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған Ғ.Мұстафин 1902 жылы 29 қарашада Қарағанды облысындағы осы күнгі Теміртау қаласына жақын Жауыртау-Нұра өзені бойындағы Сартөбе деген ауылында кедей отбасында дүниеге келген. 1953-57 жылдары және 1961-1964 жылдары Қазақстан Жазушылары одағы басқармасының төрағасы болып қызмет атқарды. Депутат болып сайланды

Ғ. Мұстафин әдебиет майданына XX ғасырдың басында келген жазушы. Ол алғаш рет шағын очерк, фельетон, қысқа әңгімелер жазды, Ауыл сахналарына арналған пьесалар жазды. «Айғақ», «Тұтқын», «Күлмеген адам», «Керуен», «Құлаған күз» тәрізді әңгімелер жазды.

Шығармаларының негізгі тақырыбы: өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігінің тынысы. «Қарағанды романын», 1952 жылы жазды. Қазақ халқының совет үкіметі жылдарында бастан кешкен өзгерісті өмір жолдарын суреттеді.

2-жүргізуші:

«Шығанақ» романы 1945 жылы жарық көреді. Шығанақ романының бас қаһарманы Шығанақтың өмір жолы, Шығанақ – бұл күнде табан тіреп қарсы тұрар, адалдық үшін жанын қияр азамат. Мұстафин Ұлы акын дәстүрін, Абай өнегесін бірнеше түрлі сипатта сабақтастыра алды. Алғашқы әңгімесі «Мәрсен мен Боқаш» (1927) «Жыл құсы» альманағында жарияланса, тұңғыш жинағы «Ер шойын» (1929) деген атпен шықты. Мұстафа Ғабиден шығармашылықпен қатар қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласты.

1-жүргізуші:

Мұстафин сүттен ақ кейіпкер емес, қиын қыстау сәтте де адамгер тіршілік өреден табылатын адал жандарды үлгі тұтады. «Шығанақ» романының заңды жалғасындай: тақырып – біреу, кейіпкердің –әке мен бала ғұмыры іспетті

2-жүргізуші:

Аз сөзге көп мағына сыйдырып айтылған бұл жолдарда тарихи баға, терен тұжырым жатыр. Ұлы ақынды өсірген құнарлы топырақ, қасиетті орта зерделенеді «Өлді деуге болама айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дей отырып Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдығына орай арналған әдеби кешімізді тамашалағандарыңызға рахмет.

Кітапханашылар



Г. Амирова
Ж. Баймолдаева

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
Ғабиден Мұстафиннің туғанына - 120 жыл толуына орай TEDx форматында
әдеби кештің анықтамасы**

**Қатысқан сынып: 7 сынып
Қатысқандар саны: 18
Өткізілген уақыты: қаңтар**

қаңтар 2023ж

2023 жылдың қаңтар айында №268 мектеп – лицей кітапханшыларының ұйымдастырумен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ғабиден Мұстафиннің туғанына - 120 жыл толуына орай TEDx форматында әдеби кеш өткізілді.

Шараның негізгі мақсаты: жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысу; жазушы шығармаларының идеясын ашу, рухани – адамгершілік қағидаларымен танысу, шығармаларды нақышына келтіріп оқи отырып, негізгі түйінді таба білуге дағдыландыру. Өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын шыңдау. Кеш барысында оқушыларға жазушы туралы ақпарат беріліп, бірнеше шығармалары аталып өтті



Кітапханашылар

**Г. Амирова
Ж. Баймолдаева**

№268 мектеп-лицей

**Д. Исабековтың – 80 жылдығына орай
кештің сценарийі**

2022-2023 о.ж.

Жазушы, драматург Дулат Исабековтың 80 жылдығына арналған

REDx форматындағы кеш

Қайырлы күн құрметті ұстаздар және оқушылар! Жазушы, драматург, Қазақстанның Еңбек сіңірген ері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Тәуелсіз Қазақ ПЕН- клубы мен «Платиналы Тарлан» сыйлықтарының, «Достық», «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның Құрметті жазушысы Дулат Исабековтың 80 жылдығына арналған әдеби шарамызға қош келдіңіздер!

Жазушы, драматург Дулат Исабеков 1942 жылы 20 желтоқсанда қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданында туған. Орта жүздің Қоңырат руынан шыққан. Ата – анасы туғанда Нысанбай деп азан шақырып ат қойған, алайда Мәулен деген атасының «Дулат деп қойыңдар» деген сәлемдемесінен кейін екінші рет азан шақырып, атын Дулат деп өзгертіпті. Әкесі соғысқа кеткенде Дулат Исабеков жөргектегі бала болған. Содан танымайтын елдің ортасында, бес баланы құшақтап анасы Күміскүл жалғыз қалды. Осындай жағдайда балалары ауырып, әсіресе үйдің кенжесі Дулат аурушаң болып, қатты сырқаттанып қалады. Бала тірі қалмайды дегенді естіген анаға бір күні Дулаттың қайтыс болғанын айтады.

Кішкентай кезімде өліп қалып, дәлізге шығарып тастап, таңертең жерлейміз деп жатқанда бір кемпір келіп, бетімді ашып қараса, өлудің орнына ыржиып жатыр екенмін. Сол кезде кемпір «Күміскүл- ау, мына балаң тірі ғой»- деген. Олар мені адам болмайды деп өлімге мойынсұнған ғой. Тірі екенімді білген соң шешем шын жылапты. Ал арғы жақта менің көрімді қазып, баланы әкелсін деп адам жіберген» - дейді жазушы сәби күніндегі оқиға туралы.

Жазушының шығармашылық жолы 1966 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. "Мен әдебиетке ерте араластым. Бесінші курста кітабым шықты. Атақты болдым. Ерте пьеса жаздым. Сахнадан қойыла бастады. Ерте «Гаухартас» киносы түсірілді» -дейді Исабеков. 1967-1968 жылдары Қазақстан телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетте аға редактор болды. «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болды. Кейінгі жылдары «Жазушы» баспасының директоры болған. Алғашқы әңгімесі «Жолда», «Замандастар» атты жинақта 1963 жылы, жарияланды. Кейін «Бекет», (1966), «Ащы бал», (1969), «Мазасыз күндер», (1970), «Қара шаңырақ», (1973), «Тіршілік», (1975), повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» , (1980) романы басылды. «Бонапарттың үйленуі», «Мұңлық- Зарлық» , «Амал мен айла» секілді пьесалары республикалық, облыстық театр сахналарында қойылды.

Жазушы Ә. Нұрпейсов Дулат Исабеков туралы «Дулат – қаламгер. Дулат – жазушы. Тәңірі сыйлаған таланттың тірлікте не істеу керек екенін «жазушы» деген жалғыз ауыз сөз өзінен өзі паш етіп тұр. Ендеше, өзін күллі жұрттан, семьядан бөліп тастап, есікті тарс жауып, өз кабинетінде өзінің қамаған осы бір тым-тырыс, жым-жырт сәттеөз ойы, өз

сезімімен арпалысып отырып, ол тап бір тәңірінің өзімен тайталасқандай кешегі Зейнолла Қабдолов айтатындай, өмірден – өнер жасайды. Өзі жасаған өнердің құдіретімен дүниеде тірлік кешіп, жатқан адамдардай, кәдімгідей адамдар туғызады. Олардың кәдімгідей адамдардай әрқайсысының өзіне бұйырмас таланты, тағдыры болады. Дулаттың драматургияға келгендегі алғашқы туындыларының бірі «Әпкенің» тақырыбы өлмейтін тақырып. Бұл жетімдер проблемасы. Бауырмалдық, Отансүйгіштік проблемасы. Мысалы, інілерін, жетім қалған балаларды сүйреп, әпкесі өз тағдырын шешпеседе, балалардың тағдырына араласып, солар үшін жанын пидә еткен Қамажай сияқты адамдар бүгінде сирек. Бұл драматургияның күші – деп бағалаған режиссер Есмұхан Обаев.

Құрметті оқырмандар кітапхананың кітап қорын пайдалана отырып, Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен әдебиетімен тығыз байланысты есте қаларлық және атаулы күндерді жариялау, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан ақындар мен жазушылардың шығармашылығын дәріптеу жас ұрпақтың міндеті, сіздерді жазушының шығармаларын оқуға шақырамыз.

Кітапханашылар




Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
Д. Исабековтың – 80 жылдығына RED X
форматында кештің анықтамасы**

**Қатысқан сынып: 8 сынып
Қатысқандар саны: 21
Өткізілген уақыты: ақпан**

ақпан 2023ж

2023 жылдың ақпан айында №268 мектеп – лицей кітапханасының ұйымдастыруымен, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Д. Исабековтың – 80 жылдығына RED x форматында кеш өткізілді. Шараның мақсаты: қатысушылар жазушы Д. Исабековтың өнегелі өмір жолымен, шығармаларымен, сондай – ақ Д. Исабековтың замандастарының , шәкіртерінің , журналистердің жазушы туралы жазған жұмыстарымен, жарияланымдарымен таныстыру. Осы іс шараға байланысты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге жазушының төл шығармаларымен кітаптары ұсынылды.



Кітапханашылар

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Кітап-рухани байлық көзі »
/тақырыптық кеш/

2022-2023о.ж

«Кітап - рухани байлық көзі»

/Тақырыптық кеш/

Кітап - тарих, шежіре! 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күні. Көпшіліктің назарын оқуға, кітапқа аудару, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру

Кітапханашы: Құрметті қауым! 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күніне арналған «Кітап – рухани байлық көзі!» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Қуан кітап, қуанатын күн бүгін
Серпіп таста мұнды жүрек түндігін.
Кел, оқырман, тойын тойла кітаптың
Шаттанатын мерекелі күн бүгін.
Той басталды, халайық,
Үміт отын жағайық.
Кітап күнін ұлықтап,
Биден шашу шашайық!

«Әке толғауы» биі орындалады.

Жүргізуші: Кітап – нәзік те, тұнық әлем! «Әлем кітап беттеріне жазылу үшін жаратылған» - деп, ұлы ғұлама айтқандай, адамзат тарихының өзі – кітап.

1 - оқушы: Кітап – білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы! Кітап – рухани қазына, байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы.

2 - оқушы: Біз кітап арқылы бастауыш мектептің өзінде - ақ бүкіл адамзат өмірімен танысамыз.

3 - оқушы: Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ кітап бар білімнің, бар ғылымның бастауы. Кітап барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы.

4 - оқушы: Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев өз бетінше ізденудің, кітапты көп оқудың арқасында шығармашылығын жетілдірді, әрі бірнеше тілді меңгерді, ойшылдардың еңбегімен танысты.

5 - оқушы: Кітап – ең сабырлы ұстаз, үндемес серік. Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара - жігін айнытпай танытып білуге үйретеді.

Арнау

Бастайыншы сөзімді «биссмилла» деп,

Ассалаумағалейкум, жиылған лек!

Еліміз кітап күнін тойлар жатыр,

Ұрандап «Оқитын ел – озық ел!» деп.

Болғанда қыспағы мол заман – нарық,

Озық болу жарасар топты жарып.

Алып шығар нарықтан білім ғана,

Оқығанның қашанда алды жарық.

Сондықтан бүгінгі іс – келелі іс,

Ізгілікті іс қашанда берер ырыс.

Кітап күні тойланып жылдын-жылға,

Бүгінгі жыл келер жылға болсын жұғыс.
Кең, қазынаң кітап қой нәр беретін,
Жайнатып өміріңе сән беретін.
Жер бетінде ешқандай ғажайып жоқ,
Халайық, дәл кітапқа тең келетін.
Кітап – сәуле, нұр берер шығарыңыз,
Саркылмайтын білім мен бұлағыңыз.
Кітап – білім қаруың болса, анық –
50 елдің алдына шығарыңыз.
Шарамыз игілігін ала келсін,
Ұлтыма білім, байлық, сана берсін.
Рухымыз асқақ боп әрқашанда
Халқымыздың бақыты жана берсін!
Қазақстан оқитын елге айналсын,
Жастарымыз білімді ерге айналсын.
Жаңа әлемде жаңа елдің жастарындай,
Асқақ болып рухы, нұр жайнасын.
Өлең: Ертегі әлемінде.

Жүргізуші:

Уа, жиылған халайық!
Түгел бері қарайық,
Сөзінің бар киесі,
Рухани әлем иесі,
Кітап Ханшайымына
Баршамыз назар салайық.
Ести алмай лебізін
Өсте өкініп қалмайық.
Ортаға кітап киіміндегі Ханшайым шығады.

Кітап Ханшайымы:

Мен – Кітап Ханшайымымын,
Иесі рухани әлемнің.
Әкелдім кітап патшалығының
Бәріңе жалынды сәлемін!
Мен – білімнің түпсізі, аспанымын,
Мен – ғылымның тұңғыық бастауымын,
Рухани нәр берер бұлақпын мен,
Меніменен байиды бар танымың.
Мен – рухани әлеммін, кітап атым,
Баға жетпес байлықпын, асыл затым,
Мені көктен түсірді жаратқаным
Шын қажеті болған соң адамзаттың.
Мен – кітаппын, білімнің бұлағымын,
Жауабымын сауал мен сұрағыңның,

Ақылшыңмын, ұстазбын, ғажайыпшын
Бағдаршаммын, адаспас шырағыңмын.

«Мақал – сөздің мәйегі»

Әр оқушы білім, кітап, дос, Отан туралы мақал - мәтел жалғастырып айтады.

1. Жеті жұрттың тілін біл, (Жеті түрлі білім біл)
2. Ақыл - тозбайтын тон, (Білім таусылмайтын кен)
3. Үлкенді сыйласаң қадірлі боларсың,(Кішіні сыйласаң құрметті боларсың)
4. Жаманға шөп батады, (Жақсыға сөз батады)
5. Туған жер – тұғырың, (Туған ел қыдырың)
6. Досы көпті жау алмайды (Ақылы көпті дау алмайды)
7. Адам болатын бала (Алысқа қарайды)
8. Еңбектің наны тәтті, ... (Жалқаудың жаны тәтті)
9. Жақсы жолдас – жанға серік, ... (Жаман жолдас малға серік)
10. Ел үмітін ер ақтар, (Ер атағын ел сақтар)
11. Көп жасаған білмейді, ... (Көп көрген біледі)
12. Әдепті бала – арлы бала, ... (Әдепсіз бала сорлы бала)

Өте жақсы, сайыскерлерімізге көп рахмет!

«Кім тапқыр» жұмбақтың жауабын және орысша баламасын айту

1. Үш тілі бар
Тықылдаған үні бар (сағат - часы)
2. Қағазсыз-ақ, қаламсыз-ақ
Сурет салар адамға ұқсап. (аяз - мороз)
3. Суда калкиды
Жылыда балкиды (мұз - лед)
4. Қалкиып екі құлағы
Елендеп қорқып тұрады (қоян - заяц)
5. Ауаға шықса ауырады
Су ішінде сауығады (балық - рыба)
6. Білімнен мол сый – асы,
Балғындардың ұясы. (мектеп - школа)
7. Мұрны насос, кран да,
Таңғаламын бұл аңға. (піл - слон)
8. Қыста киімін тастайды,

Көктемде киіне бастайды. (ағаш - дерево)

9. Жолбарыстан аумайды,
Пеш түбінде аунайды. (мысық – кот (кошка))

10. Ашылып жабылады,
Әр үйден табылады. (есік - дверь)

11. Бұлаңдаған құйрығы-
Бір алдарлық қулығы. (түлкі - лиса)

12. Желден желігеді,
Судан шегінеді. (от - огонь)

Кітапханашы: Кітапхана – білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, кітаптан керекті тапсырмаларына дайындалады, білімдерін жетілдіреді.

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,

Кітап сенің айналады досыңа.

Талаптансаң үйренуге құмартып,

Келгін, жан дос, ізденейік қосыла.

Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге оқиық, бірге еңбек етейік

Кітапханашылар



Г. Амирова
Ж. Баймолдаева

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Кітап - рухани байлық көзі» атты

Тақырыптық кештің анықтамасы

Қатысқан сынып: 4 сынып

сәуір 2023ж

Қатысқандар саны: 25

Өткізілген уақыты: сәуір

XXI ғасыр – білім, ғылымның ғасыры. Болашақ жастарымыздың қолында. Бүгінде кітапханалар – еліміздің болашағы жастардың ғылым, білім жолындағы өмірлік құлшынысына айналып отыр.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын басшылыққа ала отырып, 23 – сәуір Бүкіл Дүниежүзілік кітап күні мерекесіне орай №268 мектеп-лицей кітапханасында 4 «Б» сынып оқушыларының қатысуымен «Кітап – рухани байлық көзі» атты тақырыптық кеші өткізілді. Кеш барысында оқушыларға «Мақал сөздің мәйегі» және «Кім тапқыр» ойындары ойнатылды. Бұл ойындарда мақалдар мен жұмбақтар жасырылады, жауабын тауып айтқан соң, жауабына сәйкес мақал-мәтел айтылуы керек. Жұмбақты шешу, оны ойлаудың өзі де өнер. Келесі кезекте оқушыларымыз мектеп кітапханасынан оқыған кітаптар ішіне ертегілер әлеміне саяхат жасай отырып, Қазақ және әлем халықтарының Алтын жинағынан «Түлкі мен қоян» ертегісінен театрландырылған көрініс көрсетті.

Мақсаты: Оқушыларды білімді болуға ынталандыру, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, жақсылыққа бейімдеу.





Кітапханашылар *Г.А.* Г. Амирова
Ж.Б. Ж. Баймолдаева

№268 мектеп-лицей

«Бәрі әлдиден басталсын »
/Н.Жанаев – 90ж/

2022-2023о.ж

«Бәрі әлдиден басталсын»
/Балалар ақыны Нұрқан Жанаевтың туғанына 90 жыл/

Құрметті оқырмандар және оқушылар, бүгінгі балалар ақыны Н. Жанаевтың туғанына 90 жыл толуына орай өткізіліп отырған әдеби жыр кешіне қош келдіңіздер!

Әлди,әлди, бөбегім!
Әліппесі тіліңнің.
Әлди,әлди, бөбегім!

Бастауы үлкен білімнің деп өлеңдерін әлдиден бастаған балалар ақыны Н.Жанаев 1933 жылы 17 қаңтарда Қызылорда облысы,Тереңөзек ауданы /қазіргі Сырдария/ С.Сейфуллин атындағы кеңшарда туған.

1955 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетін бітірген. Аз уақыт мұғалімдік қызмет атқарғаннан кейін журналистік салаға ауысып, облыстық радиода, Тереңөзек аудандық «Еңбек майдандық» газеттерінде қызмет істейді. 1958 жылдан бастап Алматыға қызметке ауысып, республикалық газеттерде, баспа, телевидение, радио салаларында көп жылдар бойы белсенді қызмет атқарды. Қазір зейнеткер.

Шығармашылығы

Алғашқы жырлары:

« Жас дәурен» (1961) атты жастар жинағына енген.

«Жау, жау, жаңбыр» (1963), «Құстар ұшып келеді» (1967),

«Жанымның жазирасы» (1972); «Әнші торғай» (1974);

«Назқоңыр»(1976); «Дәмді палау» (1978),

«Сыбдырлайды жапырақ» (1980), «Ақ көгершін» (1983),

«Нұрлы аспан» (1984), «Дождик, дождик, поливай!» 1986),

«Өмір өрнектері» (1990), «Қуанышты күн» (1993) жыр жинақтары жарық көрген.

Кел балалар, ойнайық
Қолдарыңды беріңдер,
«Мысық-тышқан» ойнайық
Бірақ араз болмайық, бұл өлеңі татулыққа, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа шақыра жазған.

Кітапханашы: Кәнеки балалар ортаға шығайық,Кім біледі ақынның бізге арнап жазған өлеңдерін (ортаға оқушылар шығады)

Енді, балалар мына кілттің артында жақсы-жақсы сөздер жазылған, осы кілтті кім алады сол оқушы оқиды.

Рахмет балалар!

1933 жылы 17 қаңтарда Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы (қазіргі Сырдария), С.Сейфуллин атындағы кеңшарда туған. 1955 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетін бітірген. Аз уақыт мұғалімдік қызмет атқарғаннан кейін журналистік салаға ауысып, облыстық радиода, Тереңөзек аудандық «Еңбек майдандық» газеттерінде қызмет істейді. 1958 жылдан бастап Алматыға қызметке ауысып, республикалық газеттерде, баспа, телевидение, радио салаларында көп жылдар бойы белсенді қызмет атқарды. Қазір зейнеткер.

Алғашқы жырлары «Жас дәурен» (1961) атты жастар жинағына енген. «Жау, жау, жаңбыр» (1963), «Құстар ұшып келеді» (1967), «Жанымның жазирасы» (1972); «Әнші торғай» (1974); «Назқоңыр» (1976); «Дәмді палау» (1978), «Сыбырлайды жапырақ» (1980), «Ақ көгершін» (1983), «Нұрлы аспан» (1984), «Дождик, дождик, поливай!» (1986), «Өмір өрнектері» (1990), «Қуанышты күн» (1993) жыр жинақтары жарық көрген.

Әдебиеттер:

Жанаев Н. Жанымның жазирасы: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 64 б.

Жанаев Н. Назқоңыр: Өлеңдер, толғау-дастандар. – Астана: Фолиант, 2009. – 376 б. – (Сырдария кітапханасы)

Жанаев Н. Өмір өрнектері: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 96 б.

Жанаев Нұрхан //Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық - Алматы: «Аруна», 2005.- 203 б.

Жанаев Нұрхан//Қазақстан жазушылары / Құраст. С.Қамшыгер, Қ.Жұмашева.– Алматы: Ан Арыс, 2009. – 157 б.

Жанаев Нұрхан //Қазақстан жазушылары :XX ғасыр: Анықтамалық / Құраст. Е.Дүйсенбайұлы, А.Естен, Қ.Омарұлы ж.б.- Алматы: Ана тілі, 2004.- 124б.

Жанаев Нұрхан //Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиографиялық анықтамалық. – Алматы:Жазушы, 1987. – 230 б.

Жанаев Нұрхан//Сырдария (Тереңөзек) ауданы: Шежіре /Құраст. Т.Дайрабай. – Алматы: Арыс, 2009. – 121-122 б.

Саттар А.Өлеңі талай жанды елеңдеткен: Ақын Нұрхан Жанаев 70жаста //Қазақстан сарбазы

Кітапханашылар  Г. Амирова



Ж. Баймолдаева

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
балалар ақыны Н. Жанаевтың туғанына 90 жыл толуына орай**

«Бәрі әлдиден басталсын» атты әдеби жыр кешінің

анықтамасы

Қатысқан сынып: 3 сынып

наурыз 2023ж

Қатысқандар саны: 25

Өткізілген уақыты: наурыз

2023 жылдың наурыз айында №268 мектеп – лицей кітапханшылары және қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №8 кітапхананың ұйымдастыруымен балалар ақыны Нұрхан Жанаевтың 90 жылдығына орай «Бәрі әлдиден басталсын» атты жыр кеші өткізілді.

Шараға мектеп –лицейдің 3 «В» сынып оқушылары қатысты. Шара барысында оқушыларға Нұрхан Жанаевтың өмір жолдары мен шығармашылығы жайлы мәліметтер беріле отырып, акынның «Туған жер», «Табиғат», «Кездерім көп», «Өсиет», «Бәрі әлдиден басталсын», «Төрт түлік мал», «Әліппе», «Кел, балалар, ойнайық!» және т.б өлеңдерін кітапхана оқырмандары мәнерлеп оқыды.

Шараның мақсаты акынның өмірі, еңбектері, үлгі – өнегесі жайлы әсерлі әрі тағылымды әңгімелерімен бөлісіп, жас оқырмандарды білімді болуға шақыру.






Кітапханашылар: *Г. Амирова* Г. Амирова
Ж. Баймолдаева Ж. Баймолдаева

Күнделікті «20 минут кітап оқу» жобасы аясында

өткізілген іс-шараның анықтамасы

Күнделікті «20 минут кітап оқу» жобасы – білім беру ұйымдарында қоңырау уақыттарында, сабақтан тыс уақыттарда және т.б уақыттарда жүргізілуі дәстүрге айналып келеді. Осыған орай № 268 мектеп-лицей кітапханасында оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және қолдау мақсатында аңыздар, ертегілер секілді қысқа көлемді мәтіндер дыбысталып оқылуы ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқушылар кітапханаға оқырман болып тіркеліп, үйге оқуға кітаптар жаздырып алды.





Кітапханашылар

Г. Амирова

Ж. Баймолдаева

[https:// m.facebook.com/story.php?story](https://m.facebook.com/story.php?story) 15.11.2022ж

№268 мектеп – лицей кітапханасы

Анықтама

2022 – 2023 оқу жылында №268 мектеп-лицей кітапханасының кітап қорын жаңа кітаптармен, оқулықтармен толықтыру мақсатында қалалақ білім бөлімінен оқулықтар, көркем әдебиеттер, әдістемелік нұсқаулар, электрондық оқулықтармен қамтамасыз етіліп отырады.

Мектеп кітапханасының қорында оқулықтар - 23434, көркем әдебиеттер -1395, методикалық кітаптар мен кітапшалар - 656, электронды оқулықтар – 40 дана, барлық кітап қоры – 25525 дананы құрайды.

Осы жылда 1215 оқушы оқулықпен 100% қамтамасыз етілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлтық қоғамдық сенім кеңсесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасы бекітілген болатын. Сол жобаны басшылыққа ала отырып, оқырмандардың бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында және кітапхананы жарнамалауға, арнаулы атаулы күндерді атап өту бағытында ақын, жазушылардың мерей тойларына арналған тақырыптық, мәдени көпшілік жұмыстар жоспарлы түрде өткізілді.

Өткізілген іс – шаралар:

«Кітапхана – даналық дәнекері»	кітапханаға саяхат
«Кітап оқитын отбасы» /1-4 сыныптар/	Фестиваль
«Кітап оқы, рухани бай бол»	Танымдық сағат
Ғабиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл	TEDx форматындағы әдеби кеш
Дулат Исабековтің туғанына – 80 жыл	REDx форматында кеш
«Кітап – рухани байлық кезі» /23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күні/	Тақырыптық кеш
«Бәрі әлдиден басталсын» /Балалар ақыны Н.Жанаевтың туғанына 90 жыл/	Әдеби жыр кеші
20 минуттық кітап оқу жобасы	Дауыстап оқу

Кітапханашылар:




Г. Амирова

Ж. Баймолдаева